

Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның 6D010300–Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

П І К І Р І

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мұғалімдерді даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында және Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 қадамында «Адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту», 79 қадамында «Даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру» – деп, нақты тапсырмалар міндеттелген болатын.

Адам іс-әрекетінің түрлі салаларына заманауи технологиялардың кең ауқымда енгізілуі ақпараттандырудың жаһандық үдерісінің туындауы мен дамуына септігін тигізді. Өз кезегінде, бұл үдеріс білім берудің ақпараттануының дамуына итермелеп, ол ХХІ ғасырдың негізгі және маңызды міндетіне айналды.

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттігі талаптары, инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге жылдам бейімделетін, өздігінен креативті шешімдер қабылдап, іс-әрекеттер жасайтын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етуде.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі керек. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, жетілдіру, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді. Бүгінде әлемнің бірқатар елдерінде білімнің кеңінен пайдаланылуына негізделген қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа тұжырымдамасы талқылануда. Жалпы ұлттық және аймақтық білімнің тарамды жүйесін құру және оларды дамудың стратегиялық қоры ретінде пайдалану экономиканың, экологияның, урбанизациялаудың, халықтың жұмыс бастылығының көптеген мәселелерін, сондай-ақ, білім беруді, мәдениетті және қоғамды демократияландыруды дамыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. . Осы мақсатта мемлекеттік, аймақтық бағдарламалар жасалып, жүзеге асырылуда. Бұл үдеріс Қазақстанда да басталды. Осыған орай жоғары білімнің нәтижесі болып табылатын болашақ маман бойында жаһандық білімге қатысты кәсіби құзыреттіліктер қалыптастыру өзекті мәселе қатарына жатады.

Осы негіздемелердің бәрі, *біріншіден*, жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қасиеттерінің болашақ маманның кешенді қалыптасуына мүмкіндік жасайтынын дәлелдесе, *екіншіден* оның көкейкестілігінің бүгінгі бәсекеге қабілетті маманды даярлау кезеңінде бұрынғысынан да арта түскенін көрсетеді.

2.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Осы аталған ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ізденушінің философия, педагогика, психология ғылымдары саласында жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен оның қалыптастыруы бойынша орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау берумен; жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін сипаттайды; болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми - теориялық еңбектерде қарастырылуы, «жаһандық талаптарға сай құзыреттіліктер» ұғымының мәнін, мазмұнын және қызметі нақтылануымен; жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі дайындалуымен; жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі мазмұны жасаумен, оның бүгінгі заман талабы сұранысынан шығуымен және оны оқу-тәрбие үдерісіне ендірумен эксперименттік-тәжірибе жұмыстарын жүзеге асырылуымен, болашақ мұғалімдердің қалыптасуына жан-жақты талдау жасалған және қорытындылап, ұсыныстар берген.

3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші философиялық, психологиялық, педагогикалық және т.б. әдебиеттерге талдау жасау арқылы болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейіне аса мән берген. Соның негізінде зерттеу мәселесінің әдіснамалық амалдарын анықтаған. *Бірінші* ғылыми нәтижесінің жаңалығы, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге және адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін сипаттайды.

Зерттеудің екінші ғылыми нәтижесінің жаңалығы ол, болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы оның іс-әрекетінен талап етілетіндігін жан-жақты талдайды. Жаһандық білім беру жағдайындағы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы, мазмұны және қызметі нақтылаған. Ол өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігінен тұратын өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігінде іс-әрекеті мен

тәжірибесіне қажетті педагогтың дайындығының кіріктірілген күрделі сапасы деген анықтама беріп, негіздеген. Зерттеудің нақты, өзіндік міндеттерінің тиімді шешілуіне мүмкіндік беретін зерттеу жұмысында басшылыққа алынып отырған әдіснамалық амалдарға жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жүйелілік, тұлғалық, синергетикалық, рефлексиялық амалдарға сүйене білген және сонымен қатар, автордың зерттеуінде келесідей әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алған: гуманистік, көпмәдениеттік, мәдениетке сәйкестік, субъектілік. Осының барлығы болашақ мұғалімдердің пәнінің мазмұнын әлемдік материалдармен толықтыра оқытуда, озық әлемдік педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді пайдалануда жүзеге асады деп сеніммен айтуға болады.

Үшінші ғылыми нәтижесінің жаңалығы, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалған, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің бірлігін құрайтын моделі дайындалып, тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденген. Оған қоса осы көрсетілген компоненттерге сәйкес болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейін өлшеуде өзін-өзі белсендіру мен кәсіби құзыреттілік көрсеткіштерін анықтауы да автордың жаңалығындағы ерекшелікті көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтижесінің жаңалығы, өйткені ЖОО болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жаһандану жағдайында жүзеге асыру бойынша эксперименттік-тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелері студенттердің белсенді танымдық, шығармашылық әрекет жағдайында болуына, субъектілігін қалыптастыруға жағдай жасалған. Осы айтылғандарды зерттеу жұмысының *төртінші ғылыми жаңалығы* деп есептеуге болады.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогика және психологиялық ғылымдарға тән теориялық тұжырымдарды біріктіруші іс-әрекеттік, жүйелілік, құзыреттілік, тұлғалық, мәдениеттанымдық, синергетикалық амалдарға сүйеніп, білімалушыларға өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігінде көрінетін өмірдің жаңа бейнесін игеруге дайын Әлем азаматы болуына мүмкіндік береді және де теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуде қолданылған.

5.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 13 (он үш) шетелдік және отандық ғылыми еңбектерде жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған.

Мақалалары: «ЖОО-нан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетін дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық

ғылыми-тәжірибелік конференция (Алматы, 2012); «Мәшһүр Жүсіп - әлемдік Ғаламат» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Павлодар, 2013); «Шоқан оқулары-18» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Көкшетау, 2014); С.Торайғыров атындағы ПМУ «Хабаршы» (Павлодар, 2013); Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы» (Алматы, 2013); Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы» (Алматы, 2014); Leadership international Conference “Leadership in Education, Business and Culture” (Almaty-Seattle, 2014); Bilimin içinde eğitimsel liderlik üzerine uluslararası konferans SİİRT-TÜRKİYE (Түркия, 2014) «Проблемы и перспективы развития образования» атты VI халықаралық ғылыми конференция (Пермь, 2015); Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Астана, 2016) басылым көрген. International scientific journal (Австралия, 2016); Scopus базасына кіретін International Journal of Environmental and Science Education (Түркия, 2016) журналдарда басылым көрген.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертация мазмұнында рәсімделуінде жоғарыда аталған жетістіктермен қатар төмендегідей кемшіліктер де орын алған:

1. Жұмыста құзыреттілікке ылыққа негізделген тәсіл туралы айтылады, мазмұнда осы ұғымдар кеңірек ашыла түскенде, жұмыстың құндылығы арта түскен болар еді;

2. Ізденуші экспериментте салыстырмалы түрде ЖОО студенттермен бірге оқытушылардың айырмашылықтарын жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін айқындап, жаһандық білім беру туралы терең теориялық және практикалық тұрғыда сипатталса, еңбектің құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде қайталаулар, стилистикалық қателер де кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің құнын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Сонымен, жоғарыда дәріптелгендердің негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 – педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



К.М. Беркимбаев КОЛЫН
РАСТАЙМЫН
К.А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
Кентау институты
Кадр бөлімінің бастығы